

**С. Б. Сыздықов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының  
2-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: Қ. Ө. Қарабеков, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды Академиясының азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға  
оқытушысы**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРГЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 193-1 бабына сәйкес, Қазақстан қоғамының орнықты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оны иелену және (немесе), пайдалану және (немесе) оған билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер ететін мүлік стратегиялық объект болып табылады. Стратегиялық объектілерге: магистральдық темір жол желілері; магистральдық мұнай құбырлары; магистральдық газ құбырлары; ұлттық электр тораптары; магистральдық байланыс желілері; ұлттық почта тораптары; халықаралық әуежайлар; халықаралық маңызды мәртебесі бар теңіз порттары; әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғылары; кемелердің қауіпсіз жүзуін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер; атом энергиясын пайдаланатын объектілер; ғарыш саласының объектілері; су шаруашылығы құрылыстары; ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары; сондай-ақ меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары), меншігінде стратегиялық объектілер бар жеке және заңды тұлғалардың шешімдерін тікелей немесе жанама айқындауға немесе қабылдайтын шешімдеріне ықпал етуге мүмкіндігі бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары) жатқызылуы мүмкін<sup>1</sup>.

Елбасының стратегиялық маңызы бар су қоймалары нысандарын мемлекеттің меншігіне қайтару, жылдар бойы күрделіні айтпағанда, жай жөндеу көрмеген су қоймалары мен тоспаларын зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізіп, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында нақты шараларды қолға алу туралы тапсырмасы да толық орындалды деп айту қиын<sup>2</sup>.

Маманның айтуына қарағанда, «Қызылағаш» су қоймасын былтырлар күрделі жөндеуден өткізгенде, ең көп дегенде 150 млн теңге кетер еді. Дер кезінде назардан тысқары қалғандықтан тасқыннан соң, оны қайтадан салу үшін кем дегенде 7 млрд теңге қажет. Оған ауылдарды қалпына келтіруге кеткен 7,5 млрд теңгені қоссақ, жауапсыздықтың нәтижесін көреміз<sup>3</sup>.

Қазақстан Республикасының стратегиялық объектілеріне меншік құқығы тек мемлекеттік нысанда болуы керек деп ойлаймыз. Стратегиялық объектілер жеке және заңды тұлғаларға тек шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқықтарына берілуі орын алуы мүмкін. Өзімізге белгілі Шұлбі су қоймасы, Өскемен су қоймасы жеке меншікте болып табылады. Бұл су қоймаларында да осындай оқиғалардың орын алмауына кім кепіл?! Қызылағаштағы су қоймасы жеке меншікке берілгеннен бастап түрлі заңсыздықтар орын алған.

Қорытындылай келе, баяндама бойынша келесі ұсыныстар жасаймыз:

– Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарасы ретінде мемлекет тарапынан қазіргі жеке меншіктегі стратегиялық объектілердің жай-күйін қатаң мемлекеттік бақылау мен қадағалауға алу;

– қазіргі кездегі жеке меншіктегі стратегиялық объектілерді мемлекеттік меншікке айналдырудың Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылу тетігін белгілеу;

– стратегиялық объектілерді шаруашылық жүргізу және оралымды басқару құқығына беру Ережесін енгізу;

– жеке меншіктегі стратегиялық объектілерді күрделі жөндеуден өткізу бойынша меншік иесінің материалдық жағдайын ескере отырып, мемлекет тарапынан қаржылық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

– стратегиялық объектілер – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер ететін мүлік болып табылғандықтан, олардың меншік иелерін заңды жауапкершілікке тарту бойынша қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, жалпы бөлім, 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған.

<sup>2</sup> [http://kaztrk.kz/rus/news/portal/Kizilagash\\_okigasi.html](http://kaztrk.kz/rus/news/portal/Kizilagash_okigasi.html)

<sup>3</sup> Сонда болды.